

Азаматтарды 2009 жылғы сәуір - маусым және қазан - желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметін өтеуге кезекті шақыру туралы

Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 12 мамырдағы N 107 Қаулысы. Жамбыл облысы Сарысу ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 9 маусымда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 76 болып енгізілді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 19 бабына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығын іске асыру мақсатында және «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 543 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2009 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлермен әскери құрылымдарға мерзімді әскери қызметке шақыру жүргізілсін.

2. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін мына құрамда аудандық шақыру комиссиясы құрылсын:

Абдуллаев Бекпенбетұлы	Ермек	-	«Жамбыл облысы Жаңатас қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі» мемлекеттік комиссия төрағасы (келісім бойынша);
Смағұлов Смағұлұлы	Майлыбай	-	«Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас инспекторы, комиссия төрағасының орынбасары;

«Жамбыл облысы әкімияты денсаулық
сақтау басқармасының Сарысу аудандық
аумақтық емханасы» коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері
К . Қ ұ б д а ш е в а
13 мамыр 2009 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК